

Жалпы мәлімет

2023-2024 оқу жылында біздің мектепте 3651 оқушы білім алуда. Мектепте оқушылар екі ауысымда білім алады. Асханада 1-4-сыныпта оқитын 1600 білім алушы тегін тамақтануда. Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан 277 білім алушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасының Денсаулық министрлігінің 2021 жылдың 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 тамызда №23892 болып тіркелген бұйрықтың 122 бөлімінде күн сайын медицина қызметкері немесе жауапты адам осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшаның 3-нысанына сәйкес тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізіледі. Тамақтану сапасын мерзімдік бағалауды бракераж комиссиясы жүргізеді, оның құрамына міндетті түрде медицина, мектеп әкімшілік қызметкері, өндіріс меңгерушісі және ата-аналар комитетінің өкілдері енгізіле отырып, объект басшысының бұйрығымен анықталады. Осы бұйрыққа сай биылғы оқу жылында да мектебімізде бракераж комиссиясының құрамы бекітілген. Бракераж комиссия құрамы асхананы үнемі тексеріп тұрады.